

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы

«Тарихи білім» пәні бойынша
қорытындылаушы емтихан бағдарламасы

Мамандық -«6В02205-Тарих» білім беру бағдарламасы

Оқу түрі: күндізгі, 9 кредит, 2-курс

Алматы
2023.

Бағдарламаны 5B020300-тарих мамандығының жұмыстық оқу жоспары мен білімдік бағдарламаның пәндер каталогы негізінде жасаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралған және ұсынылған

«___» _____ 2023ж. Хаттама №

Кафедра меңгерушісі

Р.С. Мырзабекова

Факультеттің ғылыми кеңесі ұсынған

«___» _____ 2023ж. Хаттама №

Ғалым хатшы

Н.А. Тасилова

Қорытындылаушы емтиханның өтілу түрі – жазбаша универ жүйесі:

Дәстүрлі –сұраққа жазбаша жауап беру

Қорытындылаушы емтихан бағдарламасы

Тарихи білім ұғымы туралы түсініктер

Тарихи ой, тарихи таным, тарихи сана, тарихи жад, тарихи білім тарих ғылым ұғымдары. Тарихи білім және қазақ тарихшылығы. Тарихи білімнің тәрбиелік қызметі. Тарихи білім негізіндегі тарих ғылымының бағыттары: әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси тарих. Тарихи білім қамтылатын тарих ғылымының салалары: археология, этнология, ҚТП, деректану, тарихнама.

Ауызша тарих туралы

Қазақтардың тарихшылығы Шежіре және шежіреші туралы. Эпостық жырлардағы тарихи ойлар. Лиро-эпостық жырлар және қазақ тарихы мәселелері. Аңыз-әңгімелердегі тарихи ой. Тарихи жад және ауызша тарих айту дәстүрі. Ауызша тарихтың тарих ғылымындағы орны

Топонимика және қазақ жер-су атаулары

Топонимика ұғымы. Топонимиканың салалары. Қазақтың жер-су атаулары және оның мәселелері. Қазақтың елді мекендерінің атаулары және оның мәселелері. Қазақтың қалаларының атаулары және оның мәселелері. Елді мекендер мен қала көшелері және оның мәселелері. Тау мен тас, соқпақтар мен жолдар атаулары

Тарихи уақыт және тарихи кеңістік ұғымдары

Тарихи уақыт түсінігі. Тарихи кеңістік түсінігі. Тарихи уақыттың тарихи кеңістікті өзгертіп отыратындығы туралы. Қазақтың ежелгі және орта ғасырлар дәуірлеріндегі тарихи кеңістігі. Қазақтың жаңа замандағы тарихи кеңістігі. Қазіргі замандағы қазақтың тарихи кеңістігіндегі өзгерістер және қазақ тарихы мәселелері. Бүгінгі таңдағы қазақтың тарихи кеңістігі туралы.

Әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси тарих туралы

Тарих ғылымының басты бағыттары. Әлеуметтік тарих ұғымы. Қазақтың әлеуметтік тарихы туралы. Экономикалық тарих түсінігі. Қазақтың экономикалық тарихы және оның салалары. Мәдениет тарихы туралы. Қазақ мәдениеті тарихы. Саяси тарих ұғымы. Қазақтың саяси тарихы және оның мәселелері.

Қазақтың тарихи метрологиясы

Тарихи метрология туралы. Қазақтардың ұзындық өлшемдері. Қазақтың салмақ өлшем бірліктері. Қазақтың қашықтықты өлшеу жүйесі. Қазақтың тереңдік өлшемдері. Қазақтардағы көлем өлшемдері. Қазақтың уақыт өлшеу мен жылсанау жүйесі

Қазақ жазуы қандай болуы керек?

Кириллица. Латиница. Көне түрік жазуы. Төте жазу. Қазіргі кездегі жазуды өзгерту мәселелері

Генеалогияның қалыптасуы мен дамуы

Генеалогияның ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуы. Генеалогия және тарихи білім: өзара байланысы мен ерекшеліктері. Жеті атанды білесің бе? Қазақ шежіресі тарихынан. Қ. Жалайыри еңбегі. М-Ж. Көпеев шежіресі. Шәкәрім шежіресі.

Тарихи деректер: түрлері, ерекшеліктері және деректанулық талдау

Деректанулық талдаулар: ішкі және сыртқы сын. Фольклор Қазақ тарихының дерек көзі. Мерзімді басылымдағы мақалалар тарихи дерек. Заманхаттар - тарихи дерек. Статистикалық мәліметтер - тарихи дерек.

Тарихнама пәні және оның ерекшеліктері

Тарихнама ұғымы. Тарих және тарихнама: ұқсастығы мен айырмашылығы. Тарихи және тарихнамалық дерек ұғымдары. Тарихшы және тарихнамашы: ұқсастығы мен айырмашылығы.

Қазақ тарихшылары мен тарихнамашылары: өмірі мен шығармалары

Нүсіпбеков А.Н., Марғұлан Ә.Х., Бекмаханов Е.Б., Сүлейменов Б.С., Әділгереев Х.М., Сүлейменов Р.Б., Нұрпейіс К.Н., Асылбеков М-А.Х., Қозыбаев М.Қ., Дулатова Д.И., Омарбеков Т.О.

Теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері: әрқайсысына нақты мысалдар келтіре отырып талдау

Анализ. Синтез. Индукция. Дедукция. Аналогия

Қазақстандағы археологиялық зерттеулер: заттай деректер, олардың ерекшеліктері

Тас дәуірінің зерттелуі. Таймағамбетов және оның еңбектері. Петроглифтердің зерттелуі. Қола дәуірінің зерттелуі. Ерте темір дәуірі туралы зерттеулер. Ежелгі және ортағасырлық қалалардың зерттелуі

Методологиялық бағыттар туралы

Метод, методика және методология ұғымдары. Методологиялық бағыттар туралы. Эволюционизм. Позитивизм. Диффузионизм. Функционализм. Этнометодология. Феноменология

Методологиялық бағыттар және қазақ тарихы мәселелері

Эволюционизм және қазақ тарихы. Позитивизмді қазақ тарихын зерттеуде пайдалану. Диффузионизмнің қазақ тарихын зерттеудегі орны. Функционализмді қазақ тарихын зерттеуде қолдану жолдары. Этнометодология және қазақ тарихы мәселелері. Қазақ тарихын феноменологиялық тұрғыда зерттеу жолдары

«Тарихи білім» пәні бойынша қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50-69% (15-20 балл)	25-49% (8-14 балл)	0-24% (0-7 балл)
1-ші сұрақ Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл	«Өте жақсы» бағасы барлық үш сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың мысалдарымен көрсетілген жауап үшін қойылады.	«Жақсы» бағасы барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық қамтылмаған, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдері көрсетілген жауап үшін қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде қате жіберілуі мүмкін. Жауапта кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық	Қойылған сұрақтардың дұрыс аша алмағанда, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасалған жағдайда.	Пән бойынша негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, сұрақта көрсетілген фактілер мен оқиғаларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.

			сабақтардың әзірленген конспекттерінің мысалдарымен суреттемейді.		
2-ші сұрақ Таңдалған әдістеменің технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану 30 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.
3-ші сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынғ	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдістеменің технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық,	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктер мен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.

ан нәтиж енің негізде месі 40 балл	ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдарға эсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.				
-----------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--

Емтихан нәтижелерін бағалау критерилері

Студенттердің емтихан білімін бағалау критерилері:

«**Өте жақсы**» - мәселе толық баяндалған және сипаттау барысында: берілген сұрақтарға жан-жақты сипаттама берген; басты тұжырымдар мен қорытындылан айқындалған; оларға кешенді түрде талдау жасалған; мәселе көлемінде бірнеше еңбек пайдаланылған; студент өз көзқарастарын білдіре отырып, ұсыныстар жасаған.

«**Жақсы**» - мәселенің негізгі мазмұны ашылған, сұрақтарға жүйелі талдау жасалған, басты ерекшеліктерді айқындай алған. Бірақ өз көзқарастары мен ұсыныстары нақты және айқын емес, салыстырмалы талдау аз, қорытындылаушы пікірлері жалпылама жасалған.

«**Қанағаттанарлық**» - жауаптар жүйесіз, үстірт, негізінен оқу құралы көлемінде жазылған. Басты мәселелерге талдау жасалмаған, өз көзқарастары мен ұсыныстары жазылмаған, бағдарламалық материал 50 пайыздан төмен игерілген, қателіктер де кездеседі, маңызы мен ерекшеліктері дұрыс көрсетілмеген.

«**Қанағаттанарлықсыз**» - жазылған жауап тақырыпқа тікелей қатысты емес, немесе басқа мәселеге арналған, бағдарламада көрсетілгендей мәселенің мәні мен мазмұны ашылмаған, жауаптарында қателер орын алған.

Әдебиеттер

1. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.
2. Джорданова Л. Тарихи білім: пәні мен зерттеу әдістері. – Нұр- Сұлтан, 2020.

3. Жеменей И. Парсы және түркі жазба деректеріндегі Қазақ тарихы (Ежелгі және ортағасырлық дәуір). – Алматы: «Сардар», 2019. – 224 б.
4. Репина П., Зверева В., Парамонова М. Тарихи білім тарихы. – Нұр-Сұлтан, 2020.
5. Төлебаев Т.Ә. Қосалқы тарихи пәндер. Оқу құралы. - Алматы, 2017.
6. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар. – А., 1985. – 368 б.
7. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. - Астана, 2008.
8. Орталық Қазақстанның жер –су аттары. /Т. Жанұзақов т.б. Алматы, 1989.
9. Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы, 2000.
10. Давыдович Е.А., Материалы по метрологии средневековой Средней Азии. - М., 1970.
11. Дегтярев А., Летягин В., Погалов А. Метрология. – М., 2006.
12. Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. Канд. дисс. авторефераты. - Алматы, 2010
13. Жүнісбеков Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. - Орал, 2007.–32 бет.
14. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – А., 2000. – 464 б.
15. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – А., 1997. – 128 б.;
16. Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Павлодар, 2006. – Т.9. – 366 б.
17. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918 жж). Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
18. Атабаев Қ. Деректану. – Алматы: “Қазақ тарихы”, 2007. -272 б.
19. Байпақов К.М. Проблемы археологических исследований позднесредневековых городов Казахстана. Алматы, 1997.
20. Төлебаев Т.Ә. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы. – А.: «Айдана», 2002. – 276 б.
21. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект). – А., 2014. – 250 б.
22. Төлебаев Т.Ә. Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері. – А., 2016. – 270 б.
23. Мұхатова О.Х. ХІХ-ХХ ғғ. Қазақстан тарихнамасы. – А.: Ғылым, 2002. – 152 б.
24. Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. А., 2004.
25. Завьялова М.П. Методы научного исследования. Томск, 2007.
26. Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы, 2000

27. Медушевская О. М. Теория и методология когнитивной истории /О. М. Медушевская. — М., 2008
28. Гуссерль Э. Кризис европейских наук и трансцендентальная феноменология. – СПб.: Фонд Университет: Владимир Даль, 2004.
29. Гарфинкель Г. Исследования по этнометодологии.-СПб., 2007. –20-б.